

2004 жылғы республикалық бюджеттен білім беруге арналған мақсатты трансферттердің сомаларын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 ақпандағы N 155 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңының 30-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік жалпы орта білім беру мекемелерінің үлгі штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге 2004 жылға арналған мақсатты трансферттердің сомасын бөлу;

облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға 2004 жылға арналған мақсатты трансферттердің сомасын бөлу;

облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне патронаттық тәрбиешілерге берілген сәбиді (балаларды) ұстауға арналған ақшалай қаражатты төлеуге 2004 жылға арналған мақсатты трансферттердің сомасын бөлу;

облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде орта кәсіптік оқу орындарында оқитын студенттердің стипендияларының мөлшерін арттыруға 2004 жылға арналған мақсатты трансферттердің сомасын бөлу бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бюджет қаражатын мақсатты пайдалануды қамтамасыз етсін және есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін бөлінген мақсатты трансферттердің пайдаланылуы туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне тиісті есепті ұсынсын.

3. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

9

а қ п а н д а ғ ы

N

1 5 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік жалпы орта білім беру мекемелерінің үлгі штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге 2004 жылға арналған мақсатты трансферттердің сомасын бөлу

Р/с N	Атауы	Штаттық бірліктер	Сомасы, мың теңге
1	2	3	4
	Барлығы	16 334	2 731 921
1.	Ақмола облысы	1 306	179 717
2.	Ақтөбе облысы	556	94 332
3.	Алматы облысы	2 287	390 064
4.	Атырау облысы	447	73 914
5.	Шығыс Қазақстан облысы	680	120 151
6.	Жамбыл облысы	1 379	235 727
7.	Батыс Қазақстан облысы	589	105 327
8.	Қарағанды облысы	948	160 369
9.	Қостанай облысы	1 107	190 530
10.	Қызылорда облысы	1 511	309 241
11.	Маңғыстау облысы	312	49 152
12.	Павлодар облысы	759	128 776
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	1 509	213 811
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	2 257	393 622
15.	Алматы қаласы	687	87 188
16.	Астана қаласы	қосымша қаражат талап етілмейді	

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2004 жылғы 9 ақпандағы
 N 155 қаулысымен
 бекітілген

**студенттердің стипендияларының мөлшерін арттыруға
2004 жылға арналған мақсатты трансферттердің
сомасын бөлу**

P/c N	Атауы	Сомасы, мың теңге		
		Барлығы	оның ішінде	
		Қазақстан Республи. касының Білім және ғылым министрлігі	Қазақстан Республи. касының Денсаулық сақтау министрлігі	
1	2	3	4	5
	Барлығы	219 006	190 533	28 473
1.	Ақмола облысы	14 408	13 343	1 065
2.	Ақтөбе облысы	11 735	10 407	1 028
3.	Алматы облысы	5 916	4 593	1 323
4.	Атырау облысы	6 335	5 233	1 102
5.	Шығыс Қазақстан облысы	19 692	17 442	2 250
6.	Жамбыл облысы	12 361	9 593	2 768
7.	Батыс Қазақстан облысы	12 884	10 930	1 954
8.	Қарағанды облысы	25 152	23 081	2 071
9.	Қостанай облысы	13 088	11 163	1 925
10.	Қызылорда облысы	9 652	7 552	2 100
11.	Маңғыстау облысы	6 846	5 861	985
12.	Павлодар облысы	10 881	9 825	1 056
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	6 561	5 814	747
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы	24 539	19 011	5 528
15.	Алматы қаласы	28 419	27 325	1 094
16.	Астана қаласы	10 537	9 360	1 177

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК